



Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті
Философия және саясаттану факультеті
Әлеуметтік жұмыс және әлеуметтану кафедрасы

Қазақстан мен Жапония жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі

Қабылдаған: Дүйсенова С.М
Орындаған: Бақытқалиқызы А
Жақсыбаева Ж
Жұмахан Ұ
Құрманәкын Г

The flag of Kazakhstan is shown on the left side of the image. It features a light blue field with a golden sun in the center, surrounded by 32 rays. Below the sun is a golden eagle with its wings spread. The flag is depicted with a slight wave and a soft shadow.

Қазақстан

The flag of Japan is shown on the right side of the image. It consists of a white field with a large red disc in the center. The flag is depicted with a slight wave and a soft shadow.

Жапония

Жұмыссыздық – елдегі еңбекке қабілетті тұрғындардың бір бөлігі өзіне пайдалы еңбекпен айналысатын кәсіп таба алмай дағдаратын әлеуметтік-экономикалық құбылыс.





Жұмыссыздық әлемдегі орталық проблемалардың бірі болып табылады. Және де ол бір жүйеден екіншісіне өтетін елдерде кең байқалады.

Мысалға мұндай процес Қазақстанда жүріп жатыр. Ол өзімен бірге бірқатар жаңа проблемаларды алып келеді. Жұмысынан айрылу олардың табысының азаюына, өмір сүру деңгейінің төмендеуіне, сонымен қатар психологиялық стреске алып келеді. Осы себепті көптеген саясат адамдары өзінің сайлауалды компанияларында жұмыс орындарын жасауға көп көңіл бөледі.

ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті келтірген деректер бойынша, 2017 жылдың I - тоқсанында Қазақстандағы жұмыссыздық деңгейі 4,9%-ға тең болған. Бұл еліміздің еңбек нарығындағы жағдай Еуропаның дамыған елдерімен салыстырғанда әлдеқайда жақсы екенін білдіреді. Мәселен, Германияда жұмыссыздық деңгейі 6% болса, Францияда 9%-ға жеткен.

2017 жылдың I - тоқсанында жұмыссыздар саны (15 жастан жоғары, кірісі жоқ, белсенді жұмыс іздемеген және оған кірісуге дайын болмаған жастар) 439,2 мың адам болды. Жұмыссыздық деңгейі 4,9% болды (2016 жылдың I тоқсанында 5,1%). 2017 жылдың I тоқсаны бойынша, жұмыссыз ер адамдардың үлесі 45,8% (200,9 мың адам) болса, әйелдер 54,2% (238,3 мың адам) болған.

Статистика комитетінің мәліметтері бойынша, Қазақстанда жұмысшы күшінің жалпы саны 8,9 миллион адамға тең, жұмыссыздар саны 439,2 мың адам, ал өнімсіз жұмыспен қамтылғандар саны 296,9 мың адам. Яғни, елдегі жұмыссыздардың шынайы саны (өнімсіз жұмыспен қамтылғандарды қосқанда) 736,1 мың адамға тең. Бұл категорияға жататындарды қосқанда еліміздегі жұмыссыздық деңгейі 8,3%-ға жетеді.

Сонымен қатар, отандық статистика өз-өзін жұмыспен қамтыған азаматтарды жұмыссыздар қатарына жатқызбайды, ал олардың табысы кейде күнкөріс минимумына да жетпей жатады. Статистика комитеті бұл категорияны «өнімсіз жұмыспен қамтылғандар» деп атайды.

Өнімсіз жұмыспен қамтылғандар тобына өз-өзін жұмыспен қамтығандардың келесі категориялары кіреді:



-тіркелген және тіркелмегендердің ішіндегі әрекетсіз адамдар;

-отбасылық кәсіпорынның (шаруашылықтың) ақы алмайтын жұмыскерлері орташа айлық табыс деңгейіне қарамастан;

-жеке негізде жұмыс істейтін өндірістік кооператив мүшелері;

-бір бөлігін тұтыну, ауыстыру (сату) үшін өнім өндіретін жеке қосалқы шаруашылығында жұмыс істейтіндер;

-тек қана ауыстыру (сату) үшін жеке қосалқы шаруашылығында жұмыс істейтіндер.

	I тоқсан			IV тоқсан
	2015ж	2016ж	2017ж	2016ж
Жұмыс істейтін халық, мың адам	8449,2	8388,4	8454,2	8522,3
Жұмыс істейтін халықтың үлесі, пайызбен	26,3	25,3	24,8	25,4
Өз-өзін жұмыспен қамтығандар, мың адам	2226,1	2126,1	2100,7 2	160,8
Өнімсіз жұмыспен қамтылғандар	561,4	289,4	269,9	343,9
Жұмыссыз халық, мың адам	447,3	447,0	439,2	441,3
Жұмыссыздық деңгейі, пайызбен	5,0	5,1	4,9	4,9

15-24 жас аралығындағы жұмыссыздар, мың адам	55,7	50,7	36,3	43,2
Жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі, пайызбен (15-24 жас аралығындағылар)	4,2	4,2	3,8	3,9
15-28 жас аралығындағы жұмыссыздар, мың адам	104,0	102,3	80,4	91,6
Жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі, пайызбен (15-28 жас аралығындағылар)	4,3	4,4	3,9	4,2

Жұмыссыздық негізгі себептері:

Неоклассикалық теория. Жұмысшылардың табыспен келіспеуі, төмен жалақымен жұмыс істеуден бас тарту.

Кейнтік теория. Жұмысбастылық жиынтық ұсынысқа, тұтыну бейімділігіне және инвестициялар көлеміне байланысты.

Маркстік теория. Қорланған капиталдың қажетті нәтижесінде, жанды еңбекте машина мен жабдықтарға қарағанда аз өседі.


1. Тәжірибенің жоқтығы

2. Бос жұмыс орындары туралы нақты ақпараттың жоқтығы

Кейбір мамандықтар бойынша түлектердің артық болуы жас маманды халықты жұмыспен қамту орталығына келіп, жұмыссыз ретінде тіркелуге мәжбүрлейді. Көбінесе ол өз мамандығына қатысы жоқ жұмысқа амалсыздан орналасады немесе қайта оқиды. Бұл өз кезегінде өзін де, мемлекет пен жұмыс берушіні де шығысқа батырады.

3. Жастар бәсекелесе алмайды

«Еңбек нарығына алғаш шыққан жас түлектерде бейімделудің болмауынан болашақ қызметі және кәсіби мансабында аңғал үміт болады. Кейін нарықтағы жағдайға байланысты әлеуметтік үміті ақталмай, оның соңы мұңаюға, депрессиялық психологиялық күйге, көңілі қалуға әкеп соғады.



Жұмыссыздықпен күрес жолдары:

тапсырма биржаларында және жұмыспен қамту қызметтерінің

басқа да түрлері құру

жаңа жұмыс орындарын құру


оқыту мен жұмыссыздарды оқыту үшін мүмкіндіктер жасау

қылмысқа қарсы күрес

мінез-құлық тұрақтандыру саясаты

мемлекет үшін қосымша жұмыс орындарын құру

мұндай журналистер, экономистер, дизайнерлер, құрылысшылар және басқа сарапшылар кейбір профильдер, табу үшін арнайы орындарын құру



Жұмыспен қамту 2020 -
Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты
әлеуметтік қорғау
министрлігі ұсынған
мемлекеттік бағдарлама.





- **Бағдарламаның негізгі міндеттері**

- ***Бағдарламаның мақсаты*** - жұмыспен тұрақты және нәтижелі қамтуға жәрдемдесу арқылы халықтың табысын арттыру.

Қатысушылардың басым санаттарына жататындар:

29 жасқа дейінгі жастар;

балалар үйлерінің тәрбиленушілері, жетім балалар және ата-ананың қамқорлығынсыз қалған он сегізден 29 жасқа дейінгі балалар;

ауылдық жерде тұратын әйелдер;

50 жастан асқан зейнеткерлік жасқа жеткенге дейінгі адамдар;

жалпы белгіленген жасқа дейін зейнеткерлікке шыққан зейнеткерлер;

ауыр жұмыстарға, зиянды (ерекше) және (немесе) қауіпті еңбек шарттарындағы жұмыстарға қамтылған және мемлекеттік жәрдемақы алушылар болып табылатын адамдар;

Қазақстан Республикасының Қарулы күштері қатарынан шығарылған адамдар;

бас бостандығынан айыру және (немесе) мәжбүрлеп емдеу орындарынан босатылған адамдар;

жұмыс беруші заңды тұлғаның таратылуына байланысты немесе жұмыскерлер саны мен штаты қысқарғандықтан жұмыс беруші жеке тұлғаның қызметінің тоқтатылуына байланысты босатылған адамдар.



2015 жылы «Жұмыспен қамту 2020 жол картасы» бағдарламасын жүзеге асыру шаралары аясында 156 мың адам жұмысқа орналастырылып, оның ішінде 142,3 мың адам тұрақты жұмыспен қамтылды.



Азия елдеріндегі жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі

Мемлекеттер	Жаңартылған күні	Соңғы статистика	Алдыңғы статистика
Гонконг	19.08.2017	6,10%	5,40%
Жапония	31.08.2017	4,90%	5,20%
Қазақстан	11.08.2017	3,90%	2,50%
Оңтүстік Корея	16.09.2017	9,40%	9,20%



Елі	Индикатор	2011	2012	2013	2014	2015	2016
Жапония	Жастар арасындағы жұмыссыздық (15-24 жастағы жұмыс күшінің жалпы санынан) Ұлттық баға	8,35	8,12	6,88	6,29	5,52	5,11

Жапониядағы жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі

2006 - 2016 жылдар аралығында Жапониядағы жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі (15-24 жастағы жұмыс күшінің жалпы санынан) 2,9 пайыздық тармаққа төмендеп, жастардың жұмыссыздық деңгейінің орташа жылдық өзгеруі (жалпы санының Жапонияда 15-24 жас аралығындағы еңбек күші (ұлттық бағалау) осы кезеңде -0,242% құрады.

Жапониядағы жастар
арасындағы
жұмыссыздық деңгейі
(15-24 жастағы жұмыс
күшінің жалпы санынан)

2016 ЖЫЛЫ
5,1%

2015 ЖЫЛЫ
5,52%



2006 жылдан 2016 жылға дейінгі кезеңде Жапониядағы жастар арасында жұмыссыздықтың ең көп ұлғаюы (15-24 жастағы жұмыс күшінің жалпы санынан)

- 2009 жылы тіркелген: 1.85 пайызға,
- 2013 жылы максималды төмендеу байқалды: -1,24 пайызға.



Жастар арасында жұмыссыздықтың ең жоғары деңгейі (15-24 жастағы жұмыс күшінің жалпы санынан)

- 2010 жылы қол жеткізілді: 9,39%,
- ең төменгі деңгей 2016 жылы байқалды: 5,11%.

Жапониядағы жұмыссыздардың басқада көрсеткіштері

Көрсеткіштер	Жаңартылған күн	Соңғы статистика	Алдыңғы статистика
Ең төменгі айлық көрсеткіш	11.08.2017	823,00 PYGмың/айына	
Ерлердің пенсияға шығу жасы	11.08.2017	62,00	
Әйелдердің пенсияға шығу жасы	11.08.2017	62,00	
Жұмыссықтық деңгейі	29.08.2017	2,80%	2,80%
Жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі	31.08.2017	4,90%	5,20%

Жұмыссыздық бойынша жәрдемақы

Мемлекеттік жұмыссыздық бойынша жәрдемақы алдымен 1947 жылдың қарашасында қабылданды. Жапония үшін жұмыссыздықты сақтандыру тұжырымдамасы «жұмыспен қамтылу жәрдемақысы» сияқты көрінеді. Бұл атау жұмысқа орналасуға жәрдемдесу үшін төлем ретінде үкіметтің пайдасына қатысты көзқарасын көрсетеді.

Жапониядағы қатаң жалақы жүйесі жұмыссыздық бойынша жәрдемақы алуға үміткерлерді жоққа шығарады. Көмек ету табиғи апаттардан зардап шеккен аймақтарға ғана әсер етеді.



ХЕҰ статистикасы бойынша Жапонияның жұмыссыз халқының 77% -ы жеңілдік алмайды.

Қызметкер соңғы жұмыс орнында кем дегенде 6 ай жұмыс істеуге міндетті (өтініш беру кезінде соңғы 2 жыл өмірін ескереді).

Жұмысқа орналасу міндетті түрде сақтандырылуға тиіс. Жарналар 12 ай төленуі керек.

Төлемді алу үшін екі шарт орындалуы керек:

Өтінішті қараудың қосымша шарттары еңбек шартын бұзу себептерін қамтиды. Қызметкерді жұмыстан босату фактісін ескере отырып: өз қалауы бойынша немесе жұмыс берушінің бұйрығы бойынша қарастырылады.

**Жұмыссыздыққа қаржылық көмек көрсету түрлері
адамдар санаттарына байланысты өзгереді.
Стандартты жұмыссыздық жәрдемақысынан
басқа:**

жұмысқа орналасуға жәрдемдесу
жөніндегі көмек;

оқытуға арналған жәрдемақы;

отбасы мүшелеріне (балаға,
мүгедектерге) қамқорлық көрсету

жұмысқа орналастырылған қарт
адамдарға үнемі көмек көрсету.

Мемлекеттен берілетін жәрдемақының көлемі

Есепке алынған соңғы 6 айда жапонның орташа жалақысына байланысты. Мысалы, төлемдердің 80% -ы 2330-4650 иен мөлшеріндегі жалақы бойынша есептеледі; 80-50% - күнделікті жалақының 4650-11770 иенінен; 50% - күніне 11,770 иенінен жоғары табыспен есептеледі. Сонда 60-64 жас тобында жәрдемақы 50% - дан 45% -ға ауыстырылуы мүмкін. Жастар мен егде жастағы адамдарға қарағанда, жәрдемақыны көбінесе 30-59 жастағы адамдар алады.



Жұмыспен қамту орталығы:

«Сәлем, жұмыс»

«Сәлем, жұмыс» жұмыспен қамту орталығының қызметтерінің шағын тізімі:

- * Жұмыс берушілерді жұмысқа орналастыру, жұмысқа орналасу және ұзақ мерзімді жұмыссыздарға әлеуметтік көмек көрсету.
- * Мектепті бітірушілерге жұмыс табу мәселесі жиі кездеседі. Барлық жұмыс берушілер тәжірибесіз қызметкерлерді қабылдауға келіспейді, ал тәжірибесі жоқ жастар амалсыздан, жұмыспен қамту кеңсесіне хабарласады. Жапониядағы осындай орталықтардың белсенді жұмыс атқаруының арқасында, бітірушілер арасындағы жұмыссыздық деңгейін төмендетті.
- * Жыл сайын «Сәлем, жұмыс» жұмыспен қамту орталығы жұмыссыздардың 23% жұмысқа орналастырады.

Еліміздің еңбек нарығында, атап айтқанда жаңа жұмыс орындарын құру, жастарды жұмыспен қамту, жастардың жұмыссыздық деңгейін төмендету сияқты әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешуде және жетілдіруде шағын және орта бизнес пен іскерлік белсендікті қолдау бойынша жұмыстарды жалғастырудың маңызы зор.

Еліміздің болашағы жастардың қолында, ал жастар білімінің сапасы ұстаздардың қолында. Сондықтан еңбек нарығының сұранысы мен талаптарына сай мамандар тәйіндау, олардың біліктілігін арттыру, жұмыспен қамту сияқты мәселелер мемлекетіміздің алға қойған басты міндеттерінің бірі.



Жұмыспен қамтудың белсенді саясатын жүргізу Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметінің негізгі әлеуметтік басымдылықтарының бірі болып табылады. Жұмыспен лайықты қамтуды қамтамасыз ету – халықты әлеуметтік қорғаудың негізгі, адам ресурстары әлеуетін дамыту және іске асырудың маңызды шарты, қоғамдық байлықтың артуы мен өмір сүру сапасын жақсартудың басты құралы.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. www.stat.gov.kz
2. www.qazaquni.kz
3. <https://www.zakon.kz>
4. Visasam.ru/emigration
5. <https://elibrary.ru>



**Назарларыңызға
рахмет!**